

## Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 215 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 15 сәуірде N 1578 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

**Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 31-бабы 1-тармағындағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" N 2247 Заңының 20-бабына сәйкес қала әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

**Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 N 751 Қаулысымен.**

1. Қоса берілген азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру Ережесі бекітілсін.

2. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне алушылардың жеке шоттарына қаражатта аудару әлеуметтік көмектің тағайындалуы арқылы қамтамасыз етсін.

**Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 N 751 Қаулысымен.**

3. "Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қала бюджетімен бекітіліп бөлінген қаражат шегінде әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

**Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 N 751 Қаулысымен.**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*

"Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге арналған Ережесін әлеуметтік көмек беру бекіту туралы Петропавл қаласы" әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 215 қаулысымен бекітілген

## **Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер (бұдан әрі Ереже) азаматтардың жекелеген санаттарына емделуге (бұдан әрі әлеуметтік көмек) санаторийлер мен пансионаттардағы профилакторилерде санаторлық-курорттық емделуден өту үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек беру тәртібін және жағдайларын а й қ ы н д а й д ы .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.02.22 N 226 Қаулысымен.**

2. Әлеуметтік көмек жолдама сатып алуға, жергілікті бюджеттің қаржы есебінен ақшалай түрінде көрсетіледі.

### **2. Әлеуметтік көмек алу құқығы**

3. Әлеуметтік көмек алуға азаматтардың мынадай санаттарының құқығы бар:

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен оларға теңестірілген тұлғалар;
- 2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен оларға теңестірілген тұлғалар;
- 3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушыларға теңестірілген, басқа да тұлғалар.

### **3. Әлеуметтік көмек тағайындауға жүгіну**

4. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін, белгіленген үлгідегі 1-ші қосымшаға сәйкес өтінішімен, әлеуметтік көмек алуға құқысы бар азаматтар "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік м е к е м е с і н е жү г і н е д і .

5. Өтінішпен бірге мына құжаттарды қоса береді:

- 1) алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы

2) санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы жөніндегі дәрігерлік мекеменің берген қорытындысы;

3) осы санатқа жататынын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушының мәртебесін растау туралы, зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтың қалалық филиалынан алынған анықтама.

5) жеке басы куәлігінің көшірмесі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2008.06.18 N 1017 Қаулысымен.**

6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтінішінде көрсетілген мәліметтердің толықтығына және шүбәсіздігіне өтініш берушінің өзі жауапты.

#### **4. Әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі**

7. Әлеуметтік көмекті тағайындау "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жанында құрылған комиссия арқылы іске асырылады

8. Комиссия Петропавл қаласы шешімімен құрылады.

9. Комиссия әлеуметтік көмек алуға үміткерлер арыздарын қарастырады, алушылар істерін қалыптастырады және әлеуметтік көмек тағайындау туралы не болмаса оны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартқан жағдайда комиссия бас тарту себебін жазбаша дәлелдейді және арызданушыға құжаттарын қайтарады.

10. Бас тартуға негіздеме болып табылатын мыналар:

Осы Ережелермен айқындалатын, азаматтардың осы санатқа жататынын растайтын, шындыққа жатпайтын мәліметтер берілуі және талап етілген құжаттардың жеткіліксіздігі.

11. Әлеуметтік көмек жылына бір рет қана, әлеуметтік көмек алуға құқығы бар азаматқа, өтініші тіркелген хронологиялық тәртібінде тағайындалады.

#### **5. Әлеуметтік көмекті төлеу тәртібі**

12. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі берілген құжаттар мен қабылданған шешім негізінде әлеуметтік көмек алуға үміткерлердің 3 данадан тізімдерін жасайды, әлеуметтік ведомосін қалыптастырады және оларды екінші деңгейдегі банктерге ұсынады.

13. Заңнамада белгіленген тәртіппен ақылы қызмет көрсетуге келісім

жасалған банк, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұсынған ведомостері негізінде алушылар алушылар жеке шоттарына сомаларды кіргізеді.

## **6. Санаторлық-курорттық емделуге арналған әлеуметтік көмекті қаржыландыру**

14. Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуіне арналған әлеуметтік көмекті қаржыландырылуы "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек "007-000 функционалдық жіктеу коды бойынша сәйкес қаржылық жылға бекітілген қалалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

Азаматтардың	жекелеген	санаттарына
санаторлық-курорттық		емделуге
әлеуметтік	көмек	беру
Ережесіне		
№ 1-қосымша		
"Петропавл		қаласының
жұмыспен	қамту	және
әлеуметтік	бағдарламалар	бөлімі"
мемлекеттік мекемесіне		
Санаторлық-курорттық	емделуге	әлеуметтік
көмек	беру	туралы

ӨТІНІШ

ФАМИЛИЯСЫ \_\_\_\_\_

АТЫ \_\_\_\_\_

ӘКЕСІНІҢ АТЫ \_\_\_\_\_

МЕКЕН-ЖАЙЫ \_\_\_\_\_

ТЕЛЕФОН НӨМІРІ \_\_\_\_\_

ТӨЛҚҰЖАТ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ БАС КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ \_\_\_\_\_

БЕРІЛГЕН КҮНІ \_\_\_\_\_ КІМ БЕРГЕН \_\_\_\_\_

СТН(РНН) \_\_\_\_\_

ФИЛИАЛЫНДАҒЫ  
ЖЕКЕ ШОТ НӨМІРІ \_\_\_\_\_

— Маған санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беруіңізді сұраймын

Берілген әлеуметтік көмекті қатаң түрде арналуы бойынша пайдалануға міндеттенемін.

ӨТІНІШ БЕРГЕН КҮНІ                      ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ ҚОЛЫ

Өтініш беруші берген құжаттардың шүбәсіздігін растаймын:

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, фамилиясы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2008.06.18 N 1017 Қаулысымен.